



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№28 (1810)
10 шілде
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Қырғыз университеттерімен ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Қырғыз Республикасына жұмыс сапары барысында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде болды. Тараптар бауырлас екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта отырып, білім мен ғылым саласында өзара тиімді ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойды.



үздік 200 университеті қатарындағы қарашаңырақта ғылым мен инновацияға басымдық берілетінін, ғылыми-зерттеу орталықтары және оларда жүргізіліп жатқан жұмыстар жайлы айтты. Сонымен қатар екі ұлттық университеттің білім мен

ғылым саласындағы өзара әрекеттестігінің зор мүмкіндіктерін атап өтті.

Өз кезегінде Қырғыз ұлттық университетінің ректоры Қанат Садықов әріптестік шеңберіндегі ұсыныстарға қолдау білдірді. Жетекші білім ошақтарының ынтымақтас-

тығы жастардың сапалы білім алуына және ел дамуына ықпал етер ауқымды жобаларды жүзеге асыруға жол ашатынын жеткізді.

Сонымен қатар меморандум аясында магистратураның «Филология» бағытында қос дипломды білім беру бойынша келісім жасалды. Келіссөзге Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Рәпіл Жошыбаев та қатысып, көршілес қазақ-қырғыз қарым-қатынасын дамытудың маңыздылығына мән берді.

Сондай-ақ ҚазҰУ ректоры К.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті басшылығымен кездесіп, ЖОО басшылары екіжақты ынтымақтастық туралы меморандумды қабылдады.

Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Баспасөз
қызметі

Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) өткізген IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR) 2021 университеттерінің халықаралық рейтингі нәтижелері бойынша Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Белоруссия, Украина, Әзірбайжан және Молдова университеттері арасында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші және ең үздік университет болып танылды.

Халықаралық рейтингте көш бастадық



Көшбасшылар үштігіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ресей Федерациясы үкіметі жанындағы Қаржы университеті, Санкт-Петербург мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті кірді.

IAAR EUR халықаралық рейтингі жоғары оқу орындарын төрт индикатор негізінде саралайды: білім сапасы (20%), жоғары оқу орнының ғылыми әлеуеті (30%), жоғары оқу орнының халықаралық мойындалуы (20%), жоғары оқу орнының академиялық беделі (30%) және IAAR EUR рейтингінің әдістемесі IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence) халықаралық аудитінің халықаралық сарапшыларымен мақұлданған.

IAAR EUR рейтингі университеттердің бәсекеге қабілеттілігін соңғы әлемдік трендтерге сәйкес бағалайды, жоғары оқу орындарының осы рейтингтегі жоғары позициялары шетелдік талапкерлерді көбірек тартуға, білім беруді интернационалдандыру деңгейін және тек жоғары оқу орындарының ғана емес, жалпы, елдің де имидждік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Алғаш рет қатысып, бірден халықаралық рейтингтің жоғары бағасына ие болған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің жоғары бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік ғылыми-білім кеңістігіне сәтті интеграциялануын тағы бір рет дәлелдеді.

Гүлшарат МИНАЖЕВА

Оқу жылы жетістіктермен аяқталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биылғы оқу жылын қорытындылады. Осыған байланысты өткен жиында білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев биылғы жетістіктерді саралап, маңызды міндеттемелерге назар аударды.



міндет – сапалы білім беруді жетілдіре отырып, ғылым мен инновацияны көтерудің, университет ғалымдарының ғылыми жұмыстарын Қазақстан және халықаралық деңгейде танытудың өзектілігін де баса айтты.

Бүгінде қарашаңырақ барлық дерлік сала бойынша маман даярлайды. Мұнда 651 оқу

бағдарламасы оқытылады, оның ішінде 119-ы уақыт сұранысына сай жаңадан қосылған. Бұл бағдарламалар бүгінде өзектілігін дәлелдеп, мемлекеттік тапсырыс тізіміне енуде. Алайда университеттің академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі – проректор Фатима Жақыпова бағдарламалардың келесі оқу

жылы қарсаңында қайта өңделіп, жаңартылатынын мәлімдеді.

Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор м.а. Тілекқабыл Рамазанов білім ордасындағы даму жоспарына сай жүйелі жұмыс жүргізіліп келе жатқанын алға тартты. Ғылымды қаржыландыру, іргелі ғылымның аяқ алысы, инновациялық жобалар, елдің әлеуметтік дамуындағы жаңа технологиялардың рөлі, ғалымдардың жарияланым белсенділігі, дәйексөз келтіру көрсеткіші, ғылыми кадр даярлау бойынша басты сұрақтар мен ұсыныстар жайынан хабар берді.

Жиын соңында ҚазҰУ басшысы алдағы басты мәселелер мен міндеттерді жіті талдап, ұжымға жаңа оқу жылында тың күш, жаңа қарқынмен жұмысқа оралуға тілектестік білдірді.

Өз тілшімізден



Оразақ СМАҒҰЛОВ:

Қазақ халқының
төл тарихына –
50 ғасыр

3



Роза ҚАСЫМОВА:

Тұрақтылық –
тәуелсіздіктің
негізгі өлшемі

5



Қазақ ғалымы
вирусқа қарсы
тұнба әзірледі

7

Бішкекте ҚазҰУ филиалы ашылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған делегация арнайы жұмыс сапарымен Қырғыз Республикасына барды.



Сапар аясында Қазақстан-Қырғыз үкіметаралық кеңесінің 9-шы отырысы өтті. Отырыста екіжақты қарым-қатынас бағыттары талқыланып, Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалын ашу жөнінде келіссөздер жүргізілді.

Иссапар барысында білім ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы Қырғыз Республикасы министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Жылдыз Бақашова, Қырғыз Республикасының білім және ғылым министрі Болотбек Күпешевпен кездесулер өткізді. Кездесуге Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Рәпіл Жошыбаев қатысып, тараптар қос елдің жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Тараптар білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту әрі нығайту мақсатында ҚазҰУ мен Қырғыз Республикасының ЖОО арасындағы әріптестікті жандандыру, екі ел аумағында өткізілетін конференция, симпозиум, семинар, дөңгелек үстелдерге ЖОО оқытушы-профессорлық құрам мен ғылыми қызметкерлерді тарту, академиялық ұтқырлық шеңберінде қос елдің ЖОО-лары арасында дәріс өткізу және білім беру бағдарламаларымен алмасу туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

Сондай-ақ жұмыс сапары барысында Ж.Түймебаев Бішкек әкімінің м.а. Бақтыбек Құдайбергеновпен кездесіп, сапар соңында халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы аясында Бішкекте ашылған Абай атындағы қырғыз-қазақ мәдени орталығында болды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері алғаш рет жаңа үлгідегі диплом алды. Биыл қарашырақты 6600 студент тәмамдады. Оның ішінде 4798-і бакалавриатты бітірсе, 1611 жас ғылым магистрі атағын иеленді.

Түлектер жаңа үлгідегі диплом алды



Салтанатты жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашты. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында оқу бітірген жастарға арнаған құттықтау сөзінде университет басшысы Елбасының қанатты сөздерін мысалға алды. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса,

азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» – деп, Тұңғыш Президентіміздің барша азаматтарға, әсіресе жастарға үлкен сенім артқанын жеткізді. Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Тоқаев та: «Халқымыздың дана ойшылы Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп,

дырып, интеллектуал жастар легін тәрбиелеп келе жатқанын атап өтті. Үлкен өмірге жолдама алған жастарға қашанда ізденімпаз әрі бәсекеге қабілетті болуды нұсқап, ел игілігі жолындағы еңбекте сәттілік тіледі. Онлайн режимде өткен жиында білім ордасының басшысы құттықтаудан кейін ең үздік түлектерге диплом табыстады. Бітірушілер өз кезегінде ҚазҰУ дипломын алу үлкен



білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты», – дей келе, бұл тұжырымдардың қазір де аса өзекті екенін, ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу міндет екенін айтқан болатын. Сонымен қатар ректор әлемдік 200 үздік университет қатарына енген оқу орнының жыл сайын биік белестерді бағын-

жетістік екенін мақтанышпен айтып, мемлекетіміз бен қоғамды дамытуға белсене еңбек ететіндерін мәлімдеді. Университет басшылығы мен оқытушыларға сапалы білім мен тағылымды тәрбие бергені үшін шексіз алғыс білдірді.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасы қорына белгілі ғалым Бақытжан Дүйсенбеков ғылыми-әдеби мазмұны бай, мағынасы терең, сирек кездесетін көне кітаптарды тапсырды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бұл рухани мұраның ерекше құндылығына тоқталып, «Бақытжан Әлішерұлы бүгін бізге үлкен миссиямен келіп, атабабасынан қалған және өзінің зерттеушілік қабілетімен өмір бойы жинаған әдебиет, дін, тарих, тіл, география салаларын қамтыған жинақтарды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті кітапханасына арнайы тапсырып отыр. Өте сирек кездесетін жәдігерлер араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған, көне ғасырлардан бүгінгі дәуір аралығын қамтиды. Бұл еңбектердің арасында Орта Азия ғана емес, ерте кездерде дүниежүзінде жарық көрген құнды кітаптардың үлгілері бар.

Әл-Фараби кітапханасы құнды кітаптармен толықты

Біз бұл рухани қазынаны кітапханамызға қабылдап қана қоймай, шығыстанушы, лингвист, тарихшы ғалымдарымыздан жұмыс тобын құрып, арнайы сараптама жасап, оларды сұрыптап, тақырыптық бағыттарына байланысты салаларға бөліп, нақты зерттеулер жүргізетін боламыз. Бұл кітаптарды зерделеу барысында олардың мазмұнын жеке-жеке талдап, астарына үңіліп, рухани, ғылыми құндылығына нақты бағасын беретін боламыз», – деді.

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев Бақытжан Әлішерұлына Әл-Фараби кітапханасына тапсырған құнды кітаптары үшін оқу орны ұжымының атынан алғыс айтып, ел ішінде, жеке отбасылық қорда жатқан бабалар мұрасын кітапхана, мұражайларға тапсырудың ізгі дәстүрге айналдыруды құп алатынын жеткізді. Бұл кейінгі жас ұрпақтың ұлттық таным-түсінігі мен ой-санасын дамытуға оң



ықпалын тигізетінін атап өтті.

Бақытжан Әлішерұлының сөзіне сүйенсек, университетке тапсырылған 300-ге жуық кітап атасы Дүйсенбек Қабыланбайұлы ақсақалдың жинаған мұралары екен.

Дүйсенбек Қабыланбайұлы жинаған кітаптар бұдан да көп болуы мүмкін. Өйткені кейбір кітаптар өзге адамдарға, туыстарға сыйға беріліп кеткен көрінеді.

Университет кітапханасына тапсырылған кітаптардың ішінде 1324 жылы Мысыр баспасынан шыққан Құран Кәрімнен бастап, Пәкістан, Үндістан, Түркия, Қазан баспаларында басылған әдеби, тарихи, діни кітаптар бар.

Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласының көне тарихына қатысты деректер кездесетін кітапта XIX ғасыр басындағы Ақмола уәлаятының қалыптасып, дамуы туралы баяндалған.

Ал Қазанда басылған татар тіліндегі кітапта Ақмола шаһарының географиялық орна-

ласуы мен саяси-әлеуметтік жағдайына анықтама берілген. Сол кездегі Ақмола қазақ даласының орталығы ретінде Сібір мен Орта Азия арасына алтын көпір қызметін атқарып, мәдениеттердің алмасу орталығы болғаны баяндалады. Сондай-ақ қалада әкімшілік ғимараттары, қонақүйлер, екі үлкен базар, шағын ұстаханалар жұмыс істегені жазылыпты.

Көне кітаптарды кейінгіге мұра етіп қалдырып кеткен Дүйсенбек Қабыланбайұлы 1904 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, бұрынғы Ленин, қазіргі Тұрмағанбет Ізтілеуов атындағы ауылда туған. 1969 жылы 30 мамырда 65 жасында дүниеден өткен. Сол кезеңдегі білім ошағы саналатын Самарқанд медресесінде арабша, парсыша, қадимше білім алған. Сауатты, иманды, тақуа, білім-сүйгіш адам болған. Көп жылдар бойы діни қағидаттарды кітап арқылы түсіндіріп, еліміздің руханиятын дамытуға өзіндік үлес қосқан.

Алмат ИСӘДІЛ



Оразақ СМАҒҰЛОВ, ҚР ҰҒА академигі:

Қазақ халқының төл тарихына – 50 ғасыр

Соңы. Басы 3-бетте

Сонымен қатар қазақтар Еуразия аймағындағы барлық халықтардан ерекше, өзіндік антропологиялық статусы бар екені нақтыланды. Яғни өз жерінде жеке қалыптасқан. Сайып келгенде, қол жеткізгеніміз қазақ халқының төл тарихы өз жері мен елінде 50 ғасырлық тарихы бар ұлт қатарына жатады.

Бұл аталмыш ғылыми анықтамаларды менің арнайы есеп жолдарымен шығарылған мына бір үш иллюстрациядан айқын көре аламыз (1-3 суреттер).

ШЕШЕМДІ ӨЛТІРГЕН ЖҮЙЕГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕ АЛМАДЫМ

Осылайша менің жолым ашылды. 1968 жылы Жапониядағы конгреске қатыстым. Бірақ өмірімде партияда болмаған адаммын. Өйткені менің шешем өткен ғасырдың 32-жылдары аштан өлген ғой. Шешемнің жүзін де білмеймін. Туған шешемді өлтірген осындай жүйеге мен қалай еңбек етемін?! Сондықтан ішімде осындай қаттылық пайда болды да, партияға қызмет ете алмадым. Оған өкінбеймін де. Содан осы конгреске баруым ең алғаш шетелге шығуым болды. Ол кезде шетелге шығу қиын еді. Оның үстіне партия мүшесі де емеспін. Бірақ КГБ-дағы жігіттер мені түсінді ғой деймін, рұқсат берді. 1974 жылы Этнография институтынан телеграмма келді. «Смағұлов, сені Мәскеудің үш антропологиямен бірге төрт айға Үндістанға жібереміз» деді. Үндістан да маған үлкен тәжірибе болды. Онда Индира Гандимен кездестік. Сол жақта жүріп эндогамиялық популяция (бір ғана топ немесе таппа шеңберінде некелесу – ред.), яғни касталық жүйенің адамдарын зерттедік.

«ПЕРСОНА НОН ГРАТА»

1977 жылы докторлық қорғау үшін «Этническая география Казахстана» деген кітап шығардым. Ол кітапта қан жүйелері ABO, MNSS, Rhesus және PTC дәм сезімі ғана болатын. Менің ондағы мақсатым – руға, жүзге бөлінетін қазақтардың ұқсастығы мен бірлігі бар ма, соны зерттеу. Қан жүйесі алыс-жақындығын жақсы айырады. Кітап 3-4 айдай сатылды. Бір күні директор: «Сенің кітабыңда тыйым салып, отқа жағамыз. Онда қазақтың жүздері айтылған», – деді. Жүздер туралы айтылғаны рас, бірақ мен соны анықтау мақсатында зерттедім ғой. Сөйтсем, қазақтар не руға, не жүзге бөлінбейді екен. Батыстағы адайлар, шығыстағы наймандар түптеп келгенде бәрі бір қазақ. Оған мәскеуліктер де таңғалды. Бірақ сол кездегі ЦК-дағы С.Имашев деген белсенділік жасап: «Бұл партияның идеологиясына қарсы. Соғысқа қатысқандардың қаны бірдей емес пе еді?! Сен оны неге руға, жүзге бөлгенсің?» – деді. Бөлгенім рас, бірақ ар жағында «бөлінбейді» деген қорытындысы бар ғой. Оны оқымайды, тек «бөлінбейді» деген тусын ғана көріп,

«Исмағұлов делит казахов на генном уровне. Беспартийный набрался буржуазной идеологии» деген лақапты мойныма іліп, кітабымды отқа жағып жіберді. Сол 1977 жылдан бастап, Кеңес өкіметі құлағанша мен персона нон грата (елдің саясатына қарсы адам – ред.) боп жүрдім, соңымнан КГБ ілесті. Ешкіммен қарым-қатынас құрмадым, еш жерге байланысқа шықпадым. Тіпті жұмыс істеудің өзі қиын болды.

ӘЛЕМ ҒАЛЫМДАРЫ ҮН ҚОСТЫ

Әйтеуір, бағыма қарай, аман қалдым. Бірақ жүрек ауруына тап болдым. Құдай қуат беріп, 1992 жылы кітабымды ақтап алды. Бірақ мен түрмеге отырудың аз-ақ алдында қалдым. КГБ түрмесінің есігі маған айқара ашық тұрды. Менің кітабымды өртейтін кезде әлем ғалымдары үн қосты. Америка, Аляска университеті, Германия, Грекия, Үндістан, Италия, Жапония ғалымдары әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарында мені жақтап сөз сөйлеп, мәселе қозғады. Содан «Құрысың, мына Смағұлов туралы шу болып жатыр, оны қайтеміз?! Кітабын өртейік те, өзін бақылауда ұстайық» деген шешімге келді деп ойлаймын. Бірақ Кеңес өкіметі құлағаннан кейін, 1993 жылы Калифорния университеті екі айға дәріс оқуға шақырды. Сосын, Италиядағы Болония университетінен дәріс өткізуге ұсыныс түсті. Ол кезде бұл университет Х ғасырда ашылған әлемдегі ең көне университет екенін білген жоқпын. Олар қазақтарды бірге зерттеу үшін менімен келісімшарт жасасты. Осылайша Кеген ауданындағы биік таулы аймақтардың популяциясына екі жыл бойы зерттеу жасадық.

«АРУАҚТАР САҒАН ҚАРСЫ БОЛУҒА ТИІС ЕМЕС»

Үндістанда жүргенде ескі Делидегі Жұма-Мәжіт деген мешіттің имамынан: «Мен Қазақстаннанмын. Мамандығым – адам сүйектерін зерттеу. Осы күнәһарлыққа жата ма?» деп сұрадым. Молда одан қанша пайда табатынымды сұрады. Халқыңның тарихын зерттеп жүрген болсаң, ешқандай күнә еместігін айтты. «Егер осыны саудаға салып байып жатсаң, онда күнәлісің» деп нүктесін қойды. Түркиядағы дін қызметкерлерінің де айтқаны: «Ғылыми зерттеу үшін болса, аруақтар саған қарсы болуға тиіс емес».

Мені қолдаған қазақтардың аруағы деп ойлаймын. Өйткені соңғы елу жылда бір институттың жұмысын істеп пін. Стоматология, тіс құрылысы секілді бес сала бойынша кітаптар жаздым. Мен секілді бір халықтың биологиялық ерекшелігін кешенді түрде зерттеген ғалым жоқ шығар. Біреу қанын, біреу алақан бедерлерін, енді бірі сүйегін зерттейді. Ал мен бір мезгілде осының барлығын біріктіріп, кешенді зерттеулер жасадым. Осылайша өмірлік миссиямды орындай алдым деп ойлаймын.

Дайындаған
Кәмила ДҮЙСЕН

Ученые КазНУ имени Аль-Фараби разработали технологию получения новых уникальных биологически активных добавок и биостимуляторов на основе микроводорослей.

Казахстана, относительная простота культивирования микроводорослей для получения ее

Есть возможность производить биопрепараты

Вы когда-нибудь задумывались, с чем связан стремительный рост таких серьезных заболеваний, как ожирение, ишемическая болезнь сердца, аллергия, рак, сахарный диабет? Одна из главных причин – это нарушение структуры питания. Рацион современного человека не обеспечивает организм необходимым количеством витаминов, минералов, аминокислот. Поэтому биологически активные добавки являются необходимым ежедневным микропитанием для поддержания здоровья всех жизненно важных органов и систем.

Проект, над которым сегодня работают научные сотрудники факультета Биотехнологии и биологии, связан с получением новых биологически активных добавок и биостимуляторов на основе биомассы производственно-ценных штаммов микроводорослей. Биологически активные добавки на основе микроводорослей представляют собой натуральные, доступные по цене, экологически безопасные профилактические биопрепараты, не вызывающие побочных реакций, не обладающие противопоказаниями к применению.

Показано, что применение микроводорослей в животноводстве в качестве источника белка, витаминов и других физиологически активных веществ повышает устойчивость животных к различным заболеваниям, в первую очередь, связанным с авитаминозом, ускоряет обменные процессы, и таким образом способствуют повышению объема и качества товарной продукции. Б.К.Заядан совместно с профессором, д.б.н., А.А.Жубановой и лауреатам гос. премии, д.б.н., профессором Ю.А.Синявским осуществлялись теоретическая разработка и практическое внедрение препарата «Спирулина лайф», зарегистрированного в МЗ РК и Академии питания. Ими получены инновационные патенты РК на изобретение: Инновационный патент №24807 «Биологически активная добавка к пище «Spirulina Life». Также, он со своими учениками разработал новую технологию обогащения хлебобулочных изделий биомассой микроводорослей «Хлеб, обогащенный спирулиной» и получил гос. стандарт СТ53281–1910–ПП–01–2013 и патент на полезную модель №31116 «Способ производства хлебобулочных изделий, обогащенных спирулиной» 2015/0512.1.

Доказательство тому – блестящие результаты, которых достигли сотрудники лаборатории Фотобиотехнологии на сегодняшний день, разработав технологию создания уникальных биопрепаратов на основе микроводорослей. Почему именно биомасса микроводорослей используется для получения новых



Схема получения биологически активных добавок и биостимуляторов на основе биомассы микроводорослей

перспективных иммуномодуляторов? На этот вопрос ответил руководитель проекта, доктор биологических наук, профессор, академик НАН РК Болатхан Казыханович Заядан:

«Микроводоросли содержат до 50-70% легкоусвояемого белка, до 30% липидов, более 40% глицирина, до 8-14% пигментов, в том числе каротина и довольно высокая концентрация витаминов В1, В2, В3, В6, В12, Е, К, D по сравнению с другими растениями или животными. Микроводоросли являются хорошим источником белков, незаменимых аминокислот, фитостероидов, углеводов, витаминов, характеризуются уникальным сочетанием биологически активных соединений, полиненасыщенных жирных кислот с высоким содержанием гамма-линоленовой кислоты и многими другими полезными для здоровья соединениями. Сегодня они находят широкое применение в пищевой промышленности (как биологически активные добавки) и в аграрном секторе, в частности в животноводстве, птицеводстве, рыбной хозяйстве (биологически активные кормовые добавки)».

Также по мнению академика Заядана Б.К., большое количество солнечных дней и выгодное географическое расположение

биомассы создают предпосылки для развития производства по получению биологически активных добавок и биостимуляторов на их основе.

Конкурентоспособность данного проекта определяется вышеперечисленными уникальными свойствами микроводорослей и преимуществами технологии их культивирования (дешевая питательная среда, солнце, не дорогое оборудование). Предлагаемый проект оригинален, пока аналогов в республике нет. Биотехнология микроводорослей хорошо разработана в США, Японии, Индии, России, Китае, Чехии и других странах мира. В Казахстане предприятий по производству биопрепаратов на основе микроводорослей и других фототрофных микроорганизмов нет. Проект имеет хорошую коммерческую перспективу и большой потенциал коммерциализации. Настоящее время имеются меморандумы: АО «Алель Агро», ТОО «Когер ЛТД, ТОО «Казахстан кустарь». Кроме того, необходимо отметить о возможностях создания новых рабочих мест на предприятиях по производству биопрепаратов, биокормов и пищевых биодобавок.

Кайржан
ТУРЕЖАНОВ

Тәуелсіздік – ұлттың ұлт болып, ел болып, мемлекет болып салтанат құруының бірден-бір өлшемі, өзегі, ұлт болып дамуың шарты, көрсеткіші. Мемлекет үшін тәуелсіз болу сәмінінен артық өрісті, қымбат сезім жоқ. Әрбір мемлекет тағдырындағы ең бақытты шағы, ол – тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңі. Елбасы Н.Назарбаевтың «Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар, оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – Көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі», – деген сөзі кімді болсын ойға қалдырады.



зынамыз, елімізде Тәуелсіздік күніне орай, жыл сайын ескерткіштер мен монументтер ашылып жатыр. Мысалы, Астанада «Ұлы дала елі» монументі жаңа 25 қырлы монумент, конституциялық заңды ұлықтайтын ескерткіш тақта, Аягөздегі «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші, Тараздағы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне арналған монумент және тағы басқа да көптеген Тәуелсіздік мерекесіне арнап, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып отырады.

Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты, бұл күн сан ғасырлар бойы біздің бабаларымыздың армандаған арманы еді, оған да қол жеткіздік. Өз тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында Қазақстанның халықаралық маңызға ие шараларды ойдағыдай өткізіп, әлем мемлекеттерінің алдында беделге ие болуы жас мемлекеттің болашағы жарқын екеніне сендірсе керек. «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек», – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтпақшы, оны сақтап қалу үлкен еңбек пен тоқтаусыз даму жұмыстарымен бірлікті, сенімді талап етеді. Барлығы өтеді, қалатыны – ел мен жер һәм ұрпақ. Сол ұрпақ қанмен, термен келген тәуелсіздікті құрметтей түсу үшін үнемі еске салып отыруы ұстаздардың, ата-аналардың міндеті болмақ.

Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың бізге қалдырған аманаты. Ал біз еліміздің тәуелсіздігінің асқақтай түсуіне әрқашан да дайын болуымыз қажет. Тұрақтылық, толеранттылық, бейбітшілік, жұмысқа қабілеттілік және өз мемлекетіне пайдалы болуға деген ұмтылыс тәуелсіздіктің негізгі өлшемдері. Осы жолда Қазақстан жасампаз жаңа дәуірге қадам басты. Тұрақтылық пен татулыққа негізделген сарабал жолымызды табанды түрде жалғастыра береміз. Қазақстанды мәдениеті жоғары, рухы биік, патриоттық сезімі берік, XXI ғасырдың асау тізгінін өз қолдарына алатын ұрпақтың Отанына айналдыру үшін осы елде тұрып жатқан әрбір азамат өз үлесін қосуы қажет және ол біздің ортақ борышымыз болуы тиіс.

Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолда ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынмыз анық. Мақсатымыз бақытты ел болу және заманмен бірге жаңаша жаңғыру, тәуелсіздіктің туын биік ұстау, рухани құндылықтарды қастерлеу мен игеру болмақ. Біз алға қойып отырған мақсат-міндеттерді жемісті іске асыру баршамызға байланысты екенін терең сезінеміз. Сан ғасырлық салт-дәстүрімізді жаңғыртып дамытуға, мәдени мұраларымызды көздің қарашығындай сақтап, қастерлеуге қоғам мен мемлекеттің біріккен күш-жігері ғана негіз бола алады. Тәуелсіздік – Тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік.

Дайындаған Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдерде небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, әлеуметтік, экономикалық, саяси жаңғыру жолына түскен Қазақстан бүкіләлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі бар абыройлы мемлекетке айналды. Ұранымыз, мақсат-мүратымыз мүлде өзге сипатта еді. Бүгінде өз шекарамызды нақты білеміз, өз әскеріміз, астанамыз, жеріміз, еліміз, Ата заңымыз бар жұртқа айналдық. Азаттықтың арқасында «Мәңгілік ел» болу деген ұлы мұратымызды айқындап алдық. Тәуелсіздік пен

артық қасиетті де қымбат ұлы арман, орасан зор биік мақсат бар ма!? Бүгінгі тәуелсіздігіміздің тірегі – Елбасымыздың өзі құрған Қазақстан халқы Ассамблеясы. ҚХА – достық пен татулықтың, бірлік пен келісімнің киелі бесігі. Ұлтаралық сыйласуы пен ынтымақастықты көрсетудегі бейбіт өміріміздің белгісі. Демек, тәуелсіздікті қастер тұту, құрметтеу – тек қазақ халқы үшін ғана емес, елімізді мекендеген әрбір азаматтың парызы. Жүз отыздан аса этносты бауырына басқан Қазақ

тәтті дамуына, қоғам талабына сай, бәсекеге қабілетті маман даярлаудың локомотиві болуына жұмыс атқарудамын. Тынымсыз еңбек пен қосқан елеулі үлестерім үшін университет тарапынан алғыстар мен марапаттарға ие болып және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталдым. Білім бағдарламасы бойынша міндетті пәннен оқулық және оқу-әдістемелік құралдарын жаздық.

Білім беру жүйесі туралы айтсам: үздіксіз білім беру (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура); жаңа үлгідегі оқу бағдарламалары; жақын және алыс шетелдерге барып, жаңа ин-

ТӘУЕЛСІЗДІК – АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ БІЗГЕ ҚАЛДЫРҒАН АМАНАТЫ. АЛ БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ АСҚАҚТАЙ ТҮСУІНЕ ӘРҚАШАН ДА ДАЙЫН БОЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ, БЕЙБІТШІЛІК, ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТТІЛІК ЖӘНЕ ӨЗ МЕМЛЕКЕТІНЕ ПАЙДАЛЫ БОЛУҒА ДЕГЕН ҰМТЫЛЫС ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМДЕРІ. ОСЫ ЖОЛДА ҚАЗАҚСТАН ЖАСАМПАЗ ЖАҢА ДӘУІРГЕ ҚАДАМ БАСТЫ. ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН САРАБАЛ ЖОЛЫМЫЗДЫ ТАБАНДЫ ТҮРДЕ ЖАЛҒАСТЫРА БЕРЕМІЗ.

Роза ҚАСЫМОВА,

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, пед.ғ.к.:

Тұрақтылық – тәуелсіздіктің негізгі өлшемі

мемлекет егемендігі туралы заң қабылданған сәтте толқымаған, шаттанбаған, қуанбаған қазақ жоқ шығар, сірә.

Алматының алаңына жиналған жұрт та желтоқсанның ызғарын елемеді. Өйткені егемендіктің әсері өте жалынды, ыстық болатын. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Халқымызға сан ғасырлар арман болып келген тәуелсіздіктің ең басты тірегі – ана тіліміз. Ана тілі – ең басты байлығымыз. Ана тілі – жан дүниеміздің айнасы, сондықтан елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегіне ана тіліне деген сүйіспеншілік пен мақтанш сезімі болуы қажет. Өйткені тіл – біздің түп тамырымыз, шығу тегіміз. Ешқандай халық өзінің салт-дәстүрінсіз, әдет-ғұрпынсыз және ана тілінсіз өмір сүре алмайды, оның мәнісі де осында. Халықтың даналығы, даралығы, тарихы мен шежіресі, мәдениеті сол халықтың тілінде жазылып, сол тілде жас ұрпағымызға мұра болып қалады.

Тағы бір айта кететін жайт, тәуелсіздік жылдары ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, болмысымыздың өзегі, елдігіміздің негізі болып саналатын «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама ұлттың рухани-ағартушылық, мәдени-интеллектуалдық деңгейін көтеруге, өсіп келе жатқан ұрпақты өз елінің салт-дәстүрі мен жалпы-адамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық рухта тәрбиелеуге бағытталған. Мұның бәрі тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек деп ойлаймын.

Қазақстан – бүгінде Еуразияның жүрегінде орналасқан, татутәтті өмір сүріп жатқан көпэтносты мемлекет. Тәуелсіздігімізден

станның бейбіт бірлігін дамытып, тірлігін нығайту қасиетгі борыш болып есептеледі.

Әлемдік аренадағы айтулы қадамдарға келер болсақ, еліміз 30 жыл ішінде халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналып, қысқа мерзімде өзіндік даму моделін тандаған, жер бетіндегі бейбітшілік пен бірліктің қолдаушысы екенін таныта білді. Халықаралық саясатта тың идеяларды ұсынып, беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық етіп, жаһандық және аймақтық мәселелерді шешудегі тың бастамаларымен көріне бастаған болатын.

Тәуелсіздігіміздің дамуына, білім саласының өсіп-өркендеуіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультеті Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының да қосқан үлесі ұшан-теңіз. Университетімізде теориялық білімді жетік меңгерген, кәсіби тұрғыдан алдына жан салмайтын мамандарды ғана емес, сонымен қатар ішкі рухани дүниесін жан-жақты дамыта білген, өз білімін іс жүзінде дәлелдей алатын түлектерді даярлап келеді. Мен де болашақ мамандарға «Этнопеддагогика», «Педагогика» және магистранттарға «Жоғары мектеп педагогикасы» пәндерінен дәріс және семинар сабақтарын жүргізіп, пәннің қырсырын үйретіп, семинар сабақтарында жаңа технологияларды меңгертіп, оқу мен тәрбие үрдісін қатар жүргізіп келе жатқан университет ұстаздарының бірімін.


Университет қабырғасында педагогикалық қызмет атқара жүріп, 200-дей ғылыми мақала, оқулық, оқу құралы, монография, нұсқаулық, әдістемелік құрал және халықаралық ғылыми журналдарда Скопусқа мақала шығарып, университетіміздің рейтингіне өз үлесімді қосудамын. Өзім де осы оқу орнының 1982 жылғы түлегімін. Сондықтан универси-

Дуанабай оқулары дәстүрге айналады

ҚазҰУ-да журналистика факультеті, ЮНЕСКО, Халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының ұйымдастыруымен I Жолдасбек Дуанабай оқулары аясында «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаһандық журналистика ресурстары» атты халықаралық оқу-әдістемелік онлайн/офлайн конференциясы өтті.

республикалық газетінің бас редакторы Срайыл Смайыл, жазушы-публицистер Бейсенбай Сүлейменов пен Талғат Айтбай, «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы Гүлнар Жұмабайқызы, ЮНЕСКО, Халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушысы Шәрипа Нұржанова және Жолдасбек Дуанабайдың қызы Дина Әшімхановалар қатысты.

Марқұм Жолдасбек Дуанабай елімізге белгілі журналист болатын. Оның есімі қазақ баспасөзінде ерекше аталады. Еліміздегі іргелі басылымдарда ұзақ жылдар бойы журналистік жолдан бастап, бөлім редакторы, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, сайт редакторы



қызметтерінде табысты еңбек етті.

Өз ісіне адал, кәсіби білікті журналист бола білген Жолдасбек

Әшімханұлынан жақындары, журналист қауым мен оқырмандары өткен жылы жаздың жарқыраған күнінде айырылып қалды. Денсаулыққа ерекше мән беріп жүретін, тазалыққа жаны құмар ағамызды мына індет шырмауына іледі деп кім ойлаған?! Көпке қамқорлығын аямайтын, үнемі төңірегін шаттыққа бөлеп жүретін оны халық қимастықпен ақтық сапарға шығарып салды.

Өмір-ай десеңіші... Биыл ағамыздың өмірден өткеніне жыл толыпты. Дина әкесінің жинап-терген көлемді еңбектерін екі томдық кітапқа арқау етті. Университетте өткен шарада сол кітаптардың тұсауы кесілді.

«Қалам ұшындағы өмір» атты кітапты құрастырып шыққан Талғат Айтбайұлы: «Журналист – мәртебелі мамандық. Қыз-қыз қайнаған өмірдің қақ ортасында жүріп, қоғамда, айнала өмірде не болып жатқанын өз көзімен кө-

ріп, көңілге түйіп, жүрегінің сүзгісінен өткізіп, мыңдарға арнап мақала жазатын машақаты мол қызметіне өмірінің үзілген сәтіне дейін ақ-адал болған Жолдасбек Дуанабайдың мол мұрасынан іріктеп, өздеріңізге осы жинақты ұсындық. Осы кітапта ешқашан ескірмейтін, танымдық та, тағылымдық та мәні зор материалдар көп. Бұл оның артында өшпес белгісі болып қалған екінші кітабы», – деп сөз сөйледі.

Кітап «Тоғанай Т» баспасынан 300 данамен жарық көрді. Кітаптың бірінші томынан Жолдасбек Дуанабайдың республикалық басылымдарда өткізген қырық жылдан астам кезеңіндегі іріктелген мақалаларымен, ал екінші томда естелік материалдарымен таныса аласыз. Кітаптың тұсау-серінде онлайн форматта еліміздің әр түкпіріндегі әріптестері, шәкірттері, жақындары мен оқырмандары қатысты. Олар өз пікірлерімен бөлісіп, Жолдасбек Әшімханұлы туралы жылы естеліктерін айтты.

Қазақ журналистикасында өзіндік орны бар тілшінің мол мұрасы алда толық зерттеуді қажет етеді. Сондықтан бірінші рет өткізіліп отырған Жолдасбек Дуанабай оқулары аясында студенттерді ынталандыру мақсатында арнайы шәкіртақылар мен дипломдар табыс етілді. Ұйымдастырушылар шараның алдағы жылда да жалғасып, дәстүрлі түрде өткізілетінін жеткізді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ


Недавно в г. Нур-Султан прошла международная научно-практическая конференция «Филологическая наука в образовательном пространстве современного Казахстана», организованная Казахстанским филиалом Московского государственного университета имени М.В.Ломоносова и Библиотекой Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы.

филологической науки Казахского национального университета имени Аль-Фараби.

В работе секционных заседаний активное участие приняли учёные и молодые исследователи

Важная площадка по обмену опытом

Конференция была посвящена 30-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Казахстанского филиала МГУ. Тематика конференции вызвала большой интерес у научного круга, в работе конференции приняли участие более 120 ученых лингвистов, литературоведов, преподавателей вузов, представителей научных организаций, сотрудников библиотек, учителей, докторантов и студентов. Работу конференции открыл директор Казахстанского филиала МГУ имени М.В.Ломоносова, доктор экономических наук, заслуженный профессор Сидорович Александр Владимирович. В своей речи он рассказал о деятельности и развитии филиала, поблагодарил организаторов конференции, а также всех участников за активный интерес к конференции. С приветственной речью выступил проректор по



научно-инновационной деятельности КазНУ им. Аль-Фараби Рамазанов Тлеккабул Сабитович, который отметил вклад Казахстанского филиала МГУ им. М.В.Ломоносова в образовательное пространство РК. С пленарными докладами выступили доктор филологических наук, профессор Элеонора Сулейменова и доктор филологических наук, профессор Н.Ж.Шаймерденова, на высоком уровне представившие актуальные направления

КазНУ им. Аль-Фараби: д.ф.н., доцент Мусабекова У.Е., д.ф.н., профессор Касымова Р.Т., к.филол.н., доцент Пшенина Т.Е., к.филол.н., доцент Сарсекева Н.К., к.филол.н., доцент Базарбаева А.С., старший преподаватель Новикова С.В., а также докторанты Асабаева А.М., Кузнецова И.Н., Сейтказы Э.А., Гао Яньжун, Хамитова М.Н.

Доклады участников конференции были посвящены актуальным проблемам филологической науки в современном образовательном процессе Казахстана. Конференция стала важной площадкой по обмену опытом между казахстанскими и российскими учёными-лингвистами флагманских университетов Евразийского образовательного пространства.

Н.ШАЙМЕРДЕНОВА,
У.МУСАБЕКОВА

Jinalys room – новая разработка

В свете ситуации с пандемией COVID-19 настала необходимость в сервисах видеоконференцсвязи (ВКС-системы) для всех организаций отраслей экономики, так как весь формат работы переведен в дистанционный режим с функциями онлайн-взаимодействия используя различные сервисы ВКС. В связи с этим, IT-специалисты КазНУ им. Аль-Фараби на базе open-source решения разработали веб-приложение Jinalys Room.



Jinalys Room – это казахстанский сервис видеоконференцсвязи, для проведения онлайн-конференций, онлайн-совещаний, онлайн-докладов, онлайн-обучения с функциями системы хранения записей, обмена сообщениями, а также с поддержкой различных API-сервисов для интеграции с корпоративными информационными системами.

Одной из основных целей является обеспечить онлайн-обучение на платформе видеоконференцсвязи с интуитивно понятным интерфейсом, без установки дополнительного программного

обеспечения и с минимальными требованиями к техническим характеристикам устройства пользователя. А также возможность провести инсталляцию на серверной инфраструктуре университета, что обеспечит безопасность данных и локализацию видеотрафика.

Информационная система доступна по ссылке <https://jinalys-room.kz>. Jinalys Room будет улучшаться, изменяться с учетом пожеланий пользователей.

Каиржан
ТУРЕЖАНОВ

Фитотерапия – ежелгі емдеу әдістерінің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, соңғы кезде емделудің балама бағыттары сұранысқа ие болғы келеді. Оның ішінде бүгін біздің тақырыбымызға арқау болатын дәрілік өсімдіктермен емделу саласы да бар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Дәрілік өсімдіктерді зерттеу орталығының директоры Жанар Жеңістің айтуынша, елімізде антивирустық қасиеті бар дәрілік шөптер кездеседі екен.

– Мысалы, жоғары эффективті сұйықтық хроматографиясы (HPLC) арқылы биологиялық белсенді қосылыстарды анықтауға болады. Біздегі осындай екі құрылғының бірі Оңтүстік Кореяда, бірі Жапонияда жасалған, – дейді Жанар ханым.

Ғалымның зерттеу объектілерінің арасында өзіміздің қара-


мен медицина қызметкерлері өз жобаларын ұсынған. Соның ішінде Жанар Жеңіс 39 финалистің арасынан табылды. Ғалым коронавирусқа қарсы тұнба әзірлеу идеясы қалай пайда болғанын баяндап берді.

– 2003 жылдан бастап SARS-CoV деген вирус Қытайда Гонконгта таралды. Сол кезден бас-

әлсіреп, салмақ тастайды. Дәрілердің әсерінен кейбір науқастардың диалекті көтеріліп кетеді. Ғалымның айтуынша, бұл вирус қанды қоюландырып, қай жерің әлсіз болса, сол жердегі ауруды асқындырады.

– Осы қасиеттерді ескере келе, өкпені қуаттайтын, қақырық түсіретін, қанды сұйылтатын, қандағы майларды жоғалтып, қан айналымын жақсартатын, күш-қуат беріп, ұйқыны теңшейтін қасиеті бар өсімдіктерді қостық. Жалпы, бір жылдан бері ешқандай кері әсері (аллергия) болмады. Қолданған жандар тез арада жазылып, өздерінің алғыстарын айтып жатыр.

Қазақ ғалымы вирусқа қарсы тұнба әзірледі



Жеңіс шәкірттерінің мұндай жетістіктерге жетуі үшін көп тер төккенін алға тартты. Тіпті шетелдік университеттермен келіссөздер жүргізіп, студенттердің елде жоқ технологияларды меңгеруіне септігін тигізген. Тәнге дауа болатын тұнбаны табиғаттан алатын ғалым бастапқыда қиындықтың аз болмағанын айтты.

– Бұрын зерттеу үшін өсімдіктерді жинап, кептіріп, ұсақтап, 10-20 келіден шетелге алып кететінбіз. Өйткені өсімдік экстрактысын алуға мүмкіндік болмады. Ал қазір гранттар мен университет қолдауының арқасында роторлы буландырғыш және шөптерден экстракт алатын арнаулы ыдыстар алдық. Бұдан кейін шетелге баяғыдай 20 келі шөп емес, 500 гр немесе бір келі экстракт қана алып кетеміз, – дейді ол.

Бірақ пандемияның әсерінен қазір шетелге шығу мүмкін емес. Сондықтан Дәрілік өсімдіктерді зерттеу орталығына жобаларға бөлінген гранттар есебінен сорбенттер, бағаналы хроматография, әртүрлі еріткіштер сатып алынған. Осылайша қазір өсімдіктерді өңдеп, оның құрамын анықтау секілді жұмыстар орталықтың өзінде жасалуда.

пайым алма да бар. Күнделікті тұтынатын бұл жемістің дертке дауа болатын қасиетіне аса мән бермейміз. Сөйтсек, оның кейбір түрлері қатерлі ісікке қарсы тұруға қауқарлы екен. Әрине, науқастың айығып кетуіне бұл толық кепіл бола алмайды. Дегенмен «Алтын шыққан жерді белден қаз» демей ме, қазақ?!

– Алматы алманың отаны болғандықтан, 5-6 түрін, мысалы, «Голден делишес», «Красный креспон», «Апорт», «Американка», одан бөлек, өзбек алмасының бір түрін зерттедік. Талғар мен Қаскелең жақтағы алма бақтардың әрқайсысынан алып, бірбірімен салыстырдық. Олар қатерлі ісікке қарсы өте жақсы белсенділік көрсетіп жатыр. Оны да ары қарай зерттеуіміз керек, – дейді орталық басшысы.

2020 жылдың 3-17 сәуір аралығында «Ғылым қоры» коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеуге және оның салдарын жоюға бағытталған тиімді шешімдер табу мақсатында «Стоп-Коронавирус» конкурсын ұйымдастырды. Байқауға бүкіл Қазақстаннан 140-тан астам өтініш келіп түскен. Коронавирусқа қарсы күрес бойынша ғалымдар, кәсіпкерлер

тапғалымдар емдік өсімдіктердің коронавирусқа қарсы қасиеттерін зерттей бастады. Нәтижесінде көптеген дәрілік өсімдіктердің вирусқа қарсы қасиеті бар екені және әсер ету механизмдері әртүрлі болатыны анықталған. Қазақстанда өсетін осындай дәрілік өсімдіктерден коронавирусқа қарсы табиғи белсенді қоспа жасау туралы ғылыми жоба дайындадық. Сол жобамыз байқауда финалға шықты.

Пандемия басталып, елде дәрі тапшылығы байқалған тұста қаладағы жеке клиникалар Жанар Жеңістің тұнбаларына тапсырыс береді. Ғалым өзімізде өсетін, бірақ ковидке қарсы белсенділігі зерттелген өсімдіктерді қосып, «Тумау шәрбатын» жасап шығарған.

– Бірінші дайындаған рецепте тек жеуге болатын өсімдіктер қолдандым. Сондықтан улылығына да алаңдамаймын. Барлығының дәлелденген ғылыми негізі бар, дозасы стандартты. Балалар да қабылдаса жарайды. Кейін жөтел мен демікпеге деп, арнайы сұраныс арта бастаған соң, екінші рецепті дайындадық. Ол жерде дәрілік өсімдіктер көбірек, – дейді Жанар ханым.

Әдетте ковидтен адамдар

мұрны бітеліп, көзі ісіп кететіндер осы дәріні ішсе аллергиясы басылады. Біздің екінші рецептіміз бауыр жасушаларының көбеюіне әсер ететінін зерттедік. Одан бөлек, былтыр тері ауруына шалдыққан бір кісі «иммунитетімді көтерсем» деп, дәрімізді алды. Кейін дертінен айыққанын айтты. Негізі, тері ауруы да кей кезде бауырға байланысты. Міне, тұмау, жөтел, ковидтен бөлек, осындай да жақсы нәтижелер көрсетіп жатыр, – дейді Жанар Жеңіс.

Оның айтуынша, ковидке қарсы тұнбаны ковидтің жеңіл түрінде ауырып жатқан адамдар немесе емделіп шыққан, бірақ толық қақырығы түспеген, әлсіреген жандар қабылдап, толық жазылып шыққан. Ал қатты ауырып тұрған науқастарға беретін мүмкіндік болмаған.

– Өйткені олар ауруханада болды. Батыс медицинасында жүргендердің көбісі өсімдіктің емдік қасиеттерін тани бермейді. Ал емделіп шыққан пациенттерді вирустың беті қайтқанымен, қатты әлсіреп, құрғақ жөтел қинайды екен. Маған осындай кісілер хабарласып, біздің табиғи қоспаны он күннен екі аптаға дейінгі араалықта пайдаланып, осы уақыт аралығында қақырығы түсіп, күш-қуаты қалпына келгенін айтып, алғыстарын білдіріп жатыр, – дейді ол.

Жанар ханым дәрілік қоспаны құрамында жалбыз, қызылмия өсімдіктері, қалампыр және түймедақ шөптері мен пайдалы өсімдіктер барын сөз етті. Ғалым: «Қазақ халқында дәрілік өсімдікпен емдеу бұрыннан бар. Кезінде оба сияқты ауру түрі тарағанда осындай емдік өсімдіктермен емдеген. Аталмыш қоспа сусамыр, қан қысымы, бронх демікпесі барларға жақсы көмектеседі. Бұл дәріні ауру деңгейіне қарай қолданады. Жастар немесе иммунитеті жоғары жандарға қысқа уақытта жақсы көмектеседі, ал жасы үлкен немесе созылмалы ауруы бар адамдарға біршама ұзақ уақыт қабылдауды қажет етеді, – дейді.

Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея секілді елдердің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында жұмыс істеген қазақ қызы алдағы уақытта аталған дәріні өндіру үшін ҚазҰУ жанынан шағын зауыт салынатынын айтты.



Әріптесіміз Досжан Балабекұлы «Нұрсұлтан» шыңы альпиниадасына қатысып қайтты. Бұл оның осы заңғар биікке екінші рет ұмтылуы. Алғашында осыдан алты жыл бұрын шыңның ұшар басына дейін толық көтерілген. Биыл шараға қатысушылардың көп болуы мен карантиндік шектеулердің әсерінен биікке 200 метр жетпеді, бірақ альпиниада жолының басым бөлігін жаяу еңсерді.

4000 метр биіктегі Qazaq universiteti

барлығы да мұздан өтіп, ылғалды қарды кешуден көп қиындықтар көрді. Сонымен қатар тұман мен жаңбырлы ауа райы да барынша кедергі келтірген. Дегенмен альпиниада қатысушылары шыңға шығуға рұқсат аяқталған уақытқа дейін жартаспен биік өрмелеумен болды. Күн райының күрт өзгеруі салдарынан шара уақытынан бұрын аяқталды. Десек те, «Комсомол» асуына жетіп,



Досжан Балабекұлы Іле Ала-тауындағы «Нұрсұлтан», «Қ. Сәтбаев», «Жастар», «Құмбел», «Шымбулақ», «Найзақара», «Турист», «Титов» және т.б. шыңдарға шыққан. Биылдыққа алғашқы биіктігін «Нұрсұлтан» шыңынан бастады. Ол мұны ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен байланыстырады. Сондай-ақ «Нұрсұлтан» шыңы отандық альпинизмнің

бастау шыңы екені тағы бар. Сондықтан ол биыл алдағы биіктеріне жолау болсын деп, осы төртмыңдықты таңдады.

Шыңға шығу оңай болмады. Түнімен жауған жаңбыр «Богданович» мұздығында үлкен кедергілер жасады. Өйткені асуға шығатын бірден-бір жол – мұздықты басып өту. Шараға қатысушылардың

ары қарай бірнеше метрге көтерілудің өзі ерекше еңбек. Досжан шыңға университет газетін алып барып, арнайы суретке түсті. «ҚазҰУ-дың төл газеті үнемі биікте болсын» деген ниетін жасырмады. Лайым, биіктерден көріне берейік!

Нұрбек
НҮРЖАНҰЛЫ



■ Біздің оқырман



Болат САЙЛАН,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д.



Суретті түсірген – Досжан Балабекұлы

Бүлдіршіндерге оқу құралын тарту етті

Университет әкімшілігінің қолдауымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы биыл бірінші сыныпқа баратын бүлдіршіндерге сөмкелер мен оқуға қажетті құрал-саймандарды алып берді. Бұл акция игі дәстүрге айналып, бесінші жыл қатарынан өткізіліп отыр.

1 қыркүйек ата-аналар үшін қуанышты толқу ғана емес, сонымен қатар үлкен қиындықтар мен қаржылық шығындар. Баланы мектепке дайындау отбасылық бюджетке айтарлықтай салмақ салады. Кәсіподақ комитетінің сөмкелері ата-аналар

үшін жақсы әлеуметтік көмек. Биыл «Кәсіподақ сөмкелерін» бірінші сыныпқа баратын 185 бала иеленді. Бұл игі шара ҚР БҒМ «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясымен сәйкес келеді.

Өткен жылдағыдай биылғы карантин жағдайында сөмкелерді кәсіподақ ұйымдастырушылары барлық сақтық шараларын ескере отырып, мектеп оқушыларының ата-аналарына тарту етті. Биылғы іс-шарадан сөмке, дәптер, бояулар, қарындаш қораптарды алып жатқан қуанышты балалар мен толқыған ата-аналарды бейнелейтін дәстүрлі ортақ фотосуреттер болмайды.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің кәсіподақ бойынша ұйымдастырушысы А.Ахмедова: «Біздің факультетте бес адам балаларына сөмке алады. Балалар қазірдің өзінде сыйлықтарын асыға



күтіп, қызығушылық танытуда», – дейді. Төрт баланың анасы, Катализ, физикалық химия



және мұнай химиясы кафедрасының профессоры Рыскүл Әжіғұлова кәсіподақ пен ҚазҰУ

басшылығына балаларына көрсеткен қамқорлығы үшін ризашылығын білдіріп, «Менің ұлыма сөмке мен оның ішіндегі заттар қатты ұнады. Ол тек үздік оқитынын айтты», – деді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев кәсіподақтың «Бірінші сынып оқушысына сөмке» бастамасы университеттің корпоративтік мәдениетінің бір бөлігіне айналғанын атап өтті. Оның пікірінше, бұл біздің қызметкерлерімізге балаларды мектепке дайындап қана қоймай, сонымен қатар қазіргідей қиын-қыстау кезеңде бәрімізді бір ұжымның мүшесі екенімізді сезінуге көмектеседі. Кәсіподақ өкілдері балаларға қуанышты жаңалықтар мен мектеп бағдарламасын игеруде үлкен табыстар тіледі.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.